

**Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі "Ертіс ауданында төлемелі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 130/1 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 12 наурыздағы N 148/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 08 сәуірде N 3495 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы N 23/1 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 16.01.2014 N 23/1 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережелеріне сәйкес, жұмыссыз азаматтарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында, Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2012 жылдың 16 сәуірдегі "Ертіс ауданында төлемелі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 130/1 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2012 жылдың 8 мамырында N 12-7-137 тіркелген, 2012 жылдың 17 мамырда N 46 "Ертіс нұры" газетінде, N 46 "Иртыш" газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 қ о с ы м ш а с ы н д а :

"Еңбек ақы төлеу (теңге) көлемі" бағанындағы "17439" сандар "18660" с а н д а р ғ а а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі" бағанындағы 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 , 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 жолдары "мектеп асханалары жұмысына асхана жұмыскерлері ретінде көмекке - 1 мектеп." деген сөздермен толықтырылсын;

18 жол "мектеп асханалары жұмысына асхана жұмыскерлері ретінде көмекке - 4 мектеп." деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*Е. Алпысбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК